

Зиянды өндіріп алу жөніндегі дауларды қарау тәжірибесі туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумы 1994 жылғы 21 шілде N 5. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 28 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 28 Нормативтік қаулысымен.

Осы категориядағы сот-төрелік тәжірибесін қорытындылау төрелік соттар зиянды өндіріп алуға байланысты дауларды негізінен дұрыс шешетіндігін көрсетті.

Сонымен қатар, талапкерге келтірген зиян көлемі туралы оның есебі тексерілмей, күткен табыстың нақтылығы анықталмай және шыққан шығын дәлелдерін талап етпей істі қараған жағдайлар орын алған.

Көп ретте зиянды өндіріп алу талапкерлердің өзінің зиянның болуына немесе өсуіне қаншалықты кінәлі екендігі ескерілмей жасалады.

Жауапкердің міндеттемелерін орындамауы нәтижесінде талапкерден шығын болмағандығы әрқашан ескеріле бермейді.

Жекелеген істер бойынша шешім заңға сүйенбей шығарылады.

Осы категориядағы даулардың алдын алу жұмыстары айтарлықтай дәрежеде тиімді жүргізілмейді.

Шарт немесе басқа негіздер бойынша міндеттемелердің бұзылуынан келген зиянды өндіріп алуға байланысты дауларды шешу тәжірибесінің біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Төрелік Сотының Пленумы

қаулы етеді:

1. Шарт бойынша міндеттемелердің бұзылуынан келген зиянды өндіріп алу туралы дауларды шешу кезінде төрелік соттар 31.05.91 жылы бекітілген КСР Одағы мен республикалардың азаматтық заңдар негіздерінің 70, 71, 72-баптарында белгіленгендей және Қазақ КСР азаматтық кодексінің 205-216-баптарына және тараптар арасында жасалған келісім шарттары мен қарыздардың міндеттемелеріне сүйенуге тиіс.

Зиянды, шарт қатынастары болмаған жағдайда да, атап айтқанда, зиян келтіргендегі міндеттемелер бойынша; заңды ұйымның құқығын бұзған немесе басқа органның жарлығын орындау нәтижесінде зиян келтірілсе; жоғары орган кәсіпорынға қатысты өзінің міндеттемелерін орындамау салдарынан;

жәбірленуші мүлкін негізсіз иелігіне алу салдарынан; түптеп келгенде жарамсыз деп табылған жалған және өтірік мәміле жасалса және басқа негіздер бойынша өндіріп алуға болады.

2. Зиян деп талапкерден шыққан шығындар, мүліктің жоғалуы, не бүлінуі, алынбаған табыс (айрылып қалған пайда) танылады. Зиянды өндіріп алу кезінде, талапкер ісі қаралған күнге дейінгі іс жүзіндегі шығын (дауды сотқа дейін реттеу жөнінде шағым жасау тәртібін немесе талапкер білдірген және сот қабылдаған өтінішті қоса алғанда) ескеріледі.

3. Егер зиян бірнеше контрагент кінәсінен келтірілсе, онда олардың әрқайсысы өз кінәсіне орай, ал оның шегін ажырату мүмкін болмаған жағдайда - теңдей жауапкершілікте болады. Төрелік соттар жауапкер кінәсі мәселесіне айрықша назар аударуы тиіс.

4. Тараптар арасындағы шартта зиянның орнын толтыру міндеттемесі бұзылғаны үшін нақты қаржы белгіленген жағдайда, талапкерлер орны толтырылуға тиіс зиян мөлшерін дәлелдеуге міндетті емес.

5. Талапкер шығармаған (мысалы, тасымалдау, сақтау, дайындау шығындары т.б.) жауапкер міндеттемесін орындамау себебінен болмаған басқа шығындар алынып тасталуы тиіс.

6. Міндеттеме орындалмау не талапкердің заңмен қорғалатын азаматтық құқы бұзылу себебінен болған зиянды өндіріп алудың барлық жағдайларында төрелік сот жауапкердің зиян мен мінез-құлқы (әрекеті не әрекетсіздігі) арасындағы себеп-салдарларды анықтауы тиіс. Бұл ретте контрагенттер кінәсі зиянды өндіріп алудан бас тартуға себеп бола алмайды.

7. Егер сатып алушы (тапсырыс беруші) жасалған шартқа сай жеткізушіге (жасаушыға, сатушыға) шарт бойынша алдын ала төлем аударса, онда соңғысы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда оны тапсырыс берушіге (сатып алушыға) шарт бойынша контрагент талабымен ғана емес, сондай-ақ өз еркімен дереу қайтаруға міндетті.

8. Талапты қанағаттандыру туралы төрелік соттың ұйғарымы орындалмағандықтан талапкерге жауапкер кінәсінен келген зиянды өндіріп алуды, наразылық білдіру және мемлекеттік баж салығын төлемей шешім шығарып отырған соттың өзі талапкер өтініші бойынша жасайды.

Осындай ретпен жауапкер, талап қабылданған жағдайда, талапкер арызы негізінде талапты қанағаттандыру туралы шараларды қолданудан келген зиянды талапкерлерден өндіріп алуға хұқылы.

9. Егер талапкер (несие беруші) әдейі немесе андамай зиянның көбеюіне себепші болса және оны азайтуға шара қолданбаса, онда қарыздардың

жауапкершілігі азаюға тиіс. Төрелік сот зиянды өндіріп алу туралы дауларды қарау кезінде, талапкер зиянды болдырмауға немесе азайтуға қандай шара қолданғанын анықтауға міндетті.

10. Қазақ КСР Азаматтық кодексінің 206-бабы мен республикалардың және КСР Одағы азаматтық заңдар Негізінің 70-бабында белгіленгендей, міндеттеме орындалмау салдарынан келген зиянның айып пұлдан (айып, өсім) қалған бөлігі төленуге тиіс. Айыпты өндіріп алу үшін іс мерзімін өткізіп алған тарап, оны зиян ретінде өндіріп алуға құқық жоқ.

11. Тауар, жұмыс, қызмет үшін дер кезінде төленбей немесе ақша міндеттемелерінің орындалмауы салдарынан келген зиянды өндіріп алу кезінде талапкер, егер шартта басқаша көзделмесе, республика Мемстатком мәлімет негізінде ақша бірлігінің сатып алушылық қабілеті түсуі (өсім, айыптың есепті сипатын ескере отырып) салдарынан келген зиянды өндіріп алу туралы мәселені де көтеруіне болады.

Тараптар шартта номализм принципінен (ұқсас ақша бірлігімен төлем) бас тартуына және құнсызданудан сақтану ретінде шартта индекстік ескертпені, ақша бірлігінің басқа тұрақты бірлікпен және басқаларымен де ара қатынасын алдын ала қарастыруларына болады. Бұл жағдайда есеп айырысу келісім шарттарына сай жасалады.

12. Азаматтық заң негіздерінің 66-бабы (3 т.) қарастырғандай, егер 5 процент жылдық төлем ретінде ақшалай міндеттеме дер кезінде орындалмағаны үшін жауапкершілік, тараптардың арасында шарт болғанда ғана қолданылады. Бұл жағдайда қарыздардың ақшалай міндеттемесінің орындалу мерзімі КСР Одағы мен одақтас республикалар Азаматтық заң негіздерінің 63-бабы 3-тармағы, 75-баптың 2-тармағына сәйкес есептелуі тиіс.

13. Егер арнайы нормативтік актіде нақты санкция мөлшері мен міндеттемелерді орындамау салдарынан болған зиянды осы санкциядан артық өндіріп алуды және тараптар өз қарым-қатынастарында осы нормативтік актіні басшылыққа алуды қарастырса, онда төрелік зиянды да, айыпты да өндіріп алдыруы тиіс. Егер шартта немесе тараптар сілтеме жасап отырған ондағы Ерекше шарттарда нормативтік актіге сай келмейтін айыптың жоғары мөлшері белгіленген болса, онда Негіздердің 70-бабы, Республика азаматтық кодексінің 206-бабы белгіленген айып сипатын есепке жатқызбау туралы арнайы ескертпе болғаннан басқа жағдайда айыптың жалпы, есептік принципін қолдану керек.

14. Зиянды өндіріп алу кезінде төрелік сот міндеттеменің Негіздер мен Азаматтық кодекс нормаларына сай орындалуын қамтамасыз ету жолында талапкер қандай шаралар (кепіл, кепілдік, кепілге алу кепілдеме) қолданғанын анықтап, зиян орнын толтыру туралы мәселені қамтамасыз ету шараларын ескере отырып шешуге тиіс.

15. Егер несие алушы ақша қаражатын жеткізушіге аудару үшін банкіден процентпен несие алғаны туралы дәлелді көрсетсе, соңғысы ақшаны алғаннан кейін өз міндеттерін орындамаса, онда одан банкі шығыны ретінде төленген, шарт бойынша міндетті орындау мерзімі біткен күннен (немесе шартта уағдаласқан авансты қайтару мерзімінен) есептелетін процентті өндіріп алуға жатады. Несие алушы жеткізуші (жасаушы, сатушы) кінәсінен банкіге несиені қайтару уақытын өткізіп алғаны үшін жоғары процент төлесе, оларды да қарызданушыдан (несие алушы зиянның алдын алуға немесе азайтуға шаралар қолданғаны туралы дәлелдерді көрсеткен жағдайда) шығын ретінде өндіріп алуға жатады. Өндіріп алудың басқа тәртібі шартпен қарастырылуы мүмкін.

Қарызданушы міндеттерін орындамау себебінен банкир төленген несие процентін өндіріп алу кезінде өндіріп алуға жататын несие беруші толық алмаған табыс сомасы тиісінше азайтылады.

16. Қарызданушыға берілген несие қаржысы бойынша банкі проценті мен несие мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімді төлеуден келген зиянды өндіріп алу кезінде төрелік сот, бұл жағдайда, ақша қаражаты өндіріп алушыда болмағанын және инфляциядан ол зиян шекпегенін ескеруі керек.

Талапкер несие қарыздарын өтеген уақыттан бастап ақша қаражаты өндіріп алушының иелігінде болады және инфляциядан келген зиянды өндіріп алу туралы мәселенің қаралуы мүмкін.

17. Банкіге өсім мен жоғары банк процентін төлегендігі дәлелі ретінде, соттар несиелік келісімді ғана емес, сондай-ақ төлемнің банкіге аударылғаны туралы талапкерлердің төлем құжатын (соның ішінде N 2 картотекасында), банкінің талап ету құқын қайта жасағанын және т.б. талап етуі керек.

18. Өкімет пен басқару органдарының заңсыз шешімдерін орындағаннан келген зиянды өндіріп алу кезінде төрелік соттар өндіріп алушыдан заңсыз актіге шағым беру немесе наразылық білдіру дәлелдерін талап етуге міндетті.

19. Жұмыстарды орындау шартынан зиянды өндіріп алу кезінде төрелік шоттар азаматтық заң Негіздерінің 70-бабын басшылыққа алулары керек және қарызданушы белгілі бір жұмысты жасау міндеттерін орындамаған жағдайда, несие алушы ол жұмысты өзі орындауға немесе оны орындауды үшінші тұлғаға тапсыруға құқылы, өйткені заңда немесе шартта басының жоқтығы ескеріледі, зиян орнын толтыруды талап ете алады. Талапкер осы баптағы талаптарды орындағаны туралы дәлелдерді көрсетуі тиіс.

20. Айрылып қалған пайда, алынбаған табыстар түріндегі зиянды өндіріп алу кезінде төрелік соттар, егер несие алушы зиянды азайту үшін қажетті шаралар қолданса, оның зиянға отырмауы да мүмкіндігін, несие берушінің оның орнын толтыруды талап етуге құқы жоқтығын ескеруі тиіс. Несие алушы зиянды өндіріп алуға талап етіп отырған мөлшерді және қарызданушының жөнсіз

мінез-құлқымен оның себебінің байланысын, шарт бойынша күткен пайдасын дәлелдеуге міндетті.

21. Соттар, шартты бұзушылық сипатына қарамастан, заңда немесе шартта зияннан артық айып көзделгеннен басқа жағдайларда, егер шарт лайықты орындалған болса, жәбірленуші тарапты сол жағдаймен салыстырғанда тиімдірек жағдайда болатындай қатарға қоймауы керек.

22. Азаматтық заң негіздерінің 131-бабына сәйкес зиян келтірушінің заңсыз әрекеттерінен келген моральдық зиян орнын толтыру туралы талапты сотқа жеке тұлға беруі мүмкін.

Заңды ұйым тартқан моральдық зиянның орнын толтыру туралы талапты сотқа жеке тұлға беруі мүмкін.

Несие берушінің іскерлік атағына заңсыз іс-әрекеттерден келген зиянның орнын толтыру жөніндегі талап, оның мөлшері мен себепті байланысы кінәлінің мінез-құлқына қатыстылығы дәлелденсе жалпы негіздер бойынша өндіріліп алынуы мүмкін.

23. Осы категориядағы дауларды шешу кезінде төрелік соттар жеке ұйғарымдар шығару арқылы заңды бұзудың алдын алу, келтірілген зиянға кінәлі лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін заңды өрескел бұзу фактілері туралы прокуратура органдарына хабарлама жіберу шараларын қолдануы тиіс.